



*Бастауыш пен
баяндауыштың арасына
қойылатын сызықша*



✓ _____та, _____та бір сөздің қайталануынан жасалса, бастауыштан кейін **сызықша қойылады.**

“Күлкі – қыздың күлкісі”

✓ Бастауыштың алдында не артында *ғана, зой* т.б сияқты шылаулар тұрса **сызықша қойылады.**

“Көз толатын табиғат – шалқар көл ғана.

✓ Бастауыш I,II жақтың жек. не көп. тұлғ.есімдіктен, ал баяндауыш жіктік жалғ. түсірілген есімдіктен болса, **сызықша қойылады.**

“Біз - қырғауыл , сіз – тұйғын”

❖ *Ескерту*

✓ *Егер баяндауыш жіктік жалғаулы болса
сызықша қойылмайды!*

“Мен көмірмін қалған өрттен”



✓ Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен жасалса **сызыша қойылады.**

“Жақсы – ісімен жақсы”

✓ Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болса, арасына **сызықша қойылады.**

“Екі бесіміз – он.

✓ Бастауыш *ол, бұл, мынау, анау, сонау*, сілтеу есімдіктерінен болып, баяндауыш атау тұлғ. з.е. не з.е мағын. басқа сөз табынан болса, **сызықша қойылады.**

“Сонау – біздің бие. Анау – емен ағашы”



❖ Ескерту

- ✓ *Бұл ережені орынсыз қолдана беруге болмайды.
“Ол кітап оқып отыр. Ол біздің үйге келді.”*
- ✓ *Сондай-ақ ол бұл есімдіктері көпше тұлғада келсе, сызықша қойылмайды.*



✓ Бастауыш з.е. не заттанған басқа сөз табынан жасалып, баяндауыш атау тұлғ. з.е. не заттанған басқа сөз табынан боғанда **сызықша қойылады.**

“Тіл - қозғамдық құбылыс”, “А” – ашық дауысты дыбыс

✓ Атау тұлғадағы бастауыш не баяндауыш тәуелдік, көптік жалғауымен келсе **сызықша қойылады.**

“Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы - бауырың

- ✓ Бастауыш у жұрнақты етістікпен болып, баяндауыш атау тұлғадағы з.е. не у жұрнақты етістікпен келсе, бастауыштан кейін **СЫЗЫҚША ҚОЙЫЛАДЫ.**

“Барды қанағат қылу – ой мегеулігі.

- ✓ *Бастауыш есімше аралас тіркестен болса, баяндауыш з.е. не есімше, не есімдіктен жасалса сызыша қойылады.*

“Ән шырқаған - сол”

❖ *Ескерту*

- ✓ *Егер баяндауыш болып тұрған есімше етістік қызметінде тұрса сызықша қойылмайды.*

“Мектеп үйі жаңадан салынған”

- ✓ *Ал баяндауыш болып тұрған есімше зат есім мағынасында қолданылса сызықша қойылады.*

“Осы кездік – саған тарқаным”

(тарқан сыйым деген заттық мағынада қолданылып тұр.)



✓ Бастауыш күрделі тіркестер болып келсе, бастауыштан кейін **сызықша қойылады.**

“Біздің жауабымыз – Оралбайды білмейміз.

✓ Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, басқа сөз табымен шатасып кететін болса, одан кейін **сызыша қойылады.**

“Отыз – алтыға қалдықсыз бөлінеді”




- ✓ Бастауыш *алды, арты, үсті, асты* т.б. көмекші сөздерден болып, баяндауыш есім сөздермен келсе, бастауыштан кейін **сызықша қойылады.**

“Үстім – көк, астым – теңіз, атым – кеме.”

- ✓ Мақал–мәтелдерде, афоризмдерде т.б. баяндауыш түсіріліп айтылады. Мұндай сөйлемдерде бастауыштан кейін **сызықша қойылады.**

“Ер – егесте (сыналады), нар – кешуде (сыналады).”



✓ Бастауыш *бірі, екіншісі, соңғысы* т.б. заттанған сан е. сын е., ал баяндауыш атау тұлғ. з.е. болса **сызықша қойылады.**

“Пьесада екі түрлі идея түйіседі: бірі – аяушылық идеясы, екіншісі – өмір үшін күреске шақыру идеясы.”

Бастауыш заттанған сөз табынан, баяндауыш *емес* сөзі тіркескен есімдермен келсе **сызықша қойылады.**

“Сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу”



- ✓ Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы *дегеніміз, деген* т.б. сөздер тұрса, бастауыштан кейін **сызықша қойылады.**

“Мия дегеніміз – қоймалжың қорыс батпақ.

- ✓ Ал атаулы сөйлемдер арасында **сызықша қойылмайды.** (бастауыш, баяндауыш деп бөлінбейді)

“Ортада үстел. Ортада диван.”



✓ Бастауыш болып тұрған сөз баяндауыш құрамында қайталанып келсе бастауыштан кейін **СЫЗЫҚША** қойылады.

“ Жамбыл - Жамбыл болғалы.

Есіктен талай батырды ”

“ Физикалық денеден құралған заттар сол қапында: шыны – шыны қалпында, парафин – парафин қалпында қалады. ”




Зат е. жатыс с. з.е.

“Бүркітшіі тау басында, қағушы ойда”

Зат е. сын е.

“Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл”



✓ _____ сұрау ес.

“Бүгінгі күн қай күн?”

✓ _____ еді _____ болып табылады.

✓ “Тіл - қоғамдық құбылыс”

✓ “Тіл қоғамдық құбылыс болып табылады”

